

**М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті**  
**Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бөлімі жанындағы**  
**«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша қоғамдық денсаулық сақтау және өзге де**  
**денсаулық сақтау саласының мамандарын даярлау білім беру бағдарламаларын**  
**оқу-әдістемелік қамтамасыз ету тобы**

**ЖБТ отырысының хаттамасы №12**

2026 жылғы 13 ақпан, Ақтөбе қ.

**Төраға:** Ермуханова Л.С.

**Төрағаның орынбасары:** Мусаханова А.К.

**Хатшы:** Болатова Ж.Е.

**Отырыс форматы:** онлайн

**Қатысқандар:** «Медициналық-профилактикалық іс», «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Нутрициология», «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы», «Менеджмент» комитеттерінің төрағалары.

**Күн тәртібі:**

1. «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасына өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды қарастыру туралы.
2. Әр түрлі
  - 2.1. «Медициналық-профилактикалық іс» комитеті төрағасын қайта сайлау туралы.
  - 2.2. «Медициналық-профилактикалық іс» комитетінің құрамын жаңарту туралы.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Жол картасын іске асыру шеңберінде білім беру бағдарламасына өзгерістер енгізу бойынша жұмыс тобының нәтижелерін ұсынған Қоғамдық денсаулық сақтау және менеджмент мектебінің деканы Баймагамбетова А.А.-ның ақпараты тыңдалды. Жұмыс тобы келесіні ұсынды:
  - білім беру бағдарламасында үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру моделін сақтау;
  - оқу мерзімі 5 жыл, жалпы көлемі 350 кредит болған жағдайда жылдық оқу жүктемесін 70 кредит көлемінде белгілеу;
  - интернатура деңгейін білім беру бағдарламасының дербес компоненті ретінде бөліп, оны транскрипт пен диплом қосымшасында жеке көрсету.Ұсынылған өзгерістер ҚР ДСМ Жол картасының талаптарына сәйкестікті қамтамасыз етуге, практикалық-бағдарланған даярлықты күшейтуге және білім беру бағдарламасы құрылымының ашықтығын арттыруға бағытталғаны атап өтілді.

**Дауыс беру:** Бір ауыздан.

- 2.1. «Медициналық-профилактикалық іс» комитетінің төрағасы Даулеткалиева Ж.А.-ның «КМУ» КеАҚ академиялық және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор лауазымына ауысуына байланысты (14.01.2026 ж. №137/к бұйрық) және мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында комитет төрағасын қайта сайлау қажеттілігі туралы ақпараты тыңдалды. Галаева А.И. кандидатурасы ұсынылды. Кандидаттың тиісті бейіндік білімі бар екендігі, «МПП» білім беру бағдарламасының жетекшісі болып табылатыны және практикалық әрі білім беру қызметінде айтарлықтай тәжірибесі бар екендігі атап өтілді.

**Дауыс беру:** Бір ауыздан.

2.2. Білім беру бағдарламасын іске асыру барысында үйлестіруді, хабардарлықты және басқарушылық шешімдердің келісімділігін қамтамасыз ету мақсатында «Медициналық-профилактикалық іс» комитетінің құрамына Қоғамдық денсаулық сақтау және менеджмент мектебінің деканы Баймағамбетова А.А.-ны енгізу туралы ұсыныс қаралды.

**Дауыс беру:** Бір ауыздан.

**Шешім қабылданды:**

1. «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасына өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс тобының ұсыныстарын мақұлдау және хаттаманы Жоғары білім беру секциясының қарауына жолдауды ұсыну.

2.1. Галаева А.И.-ны «Медициналық-профилактикалық іс» комитетінің төрағасы лауазымына сайлауды келісу.


2.2. «АсМУ» КеАҚ Қоғамдық денсаулық сақтау және менеджмент мектебінің деканы Баймағамбетова А.А.-ны «Медициналық-профилактикалық іс» комитетінің құрамына енгізу.

**Төрайым**



Ермуханова Л.С.

**Хатшы**



Болатова Ж.Е.